

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

№ _____ қаулысына
ҚОСЫМША

**Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлікті
қолдау мен дамытудың 2006-2008 жылдарға
арналған өңірлік бағдарламасы**

Шымкент қ. 2005 ж

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	«Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы №131-1 Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы, «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті жедел дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы №450 қаулысы
Негізгі әзірлеуші	Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті
Мақсаты	Бәсекелестікке қабілеттілікті және мемлекет тарапынан қолдау көрсету шараларының тиімділігін арттыру негізінде шағын кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайлар жасау
Міндеттері	Жалпы аймақтық өнім құрылымында шағын және орта кәсіпкерлік үлесін ұлғайту; Жұмыспен қамту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру; Әкімшілік тосқауылдарды жеңу; Кредиттік қаражаттарға шағын және орта кәсіпкерліктің қол жеткізуін жеңілдету; Кәсіпкерліктің өндіріс және туристік секторын басым түрде дамыту; Кәсіпкерлікті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және дамыту; Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың тиімділігін арттыру; Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру және қызметін белсендіру
Қаржыландыру көлемі және көздері	Кәсіпкерлікті қолдауды қаржылай қамтамасыз ету мынадай қаражат есебінен жүзеге асырылады: облыстық бюджеттен 5,5 млн.теңге көлемінде 2006 жылы – 1,5 млн.теңге 2007 жылы – 2,0 млн.теңге 2008 жылы – 2,0 млн.теңге шағын бизнестің өндірістік саласын қолдауға 2-ші деңгейдегі банктер 48000,0 млн.теңге көлемінде 2006 жылы – 15000,0 млн.теңге 2007 жылы – 16000,0 млн.теңге 2008 жылы – 17000,0 млн.теңге басқа да көздер: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өңірлік филиалы, микрокредиттік ұйымдар, ауылдық кредиттік серіктестіктер, лизингтік компаниялар және басқа қорлар.
Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер	Кәсіпкерлік субъектілері санының өсуі 118 мың бірліктен жоғары болады, жаңа жұмыс орындары ашылады және шағын бизнес саласында қамтылғандар саны ұлғаяды; жыл сайын өндіріс көлемі (жұмыс, қызмет) 4-5% және бюджетке төлемдер 22% ұлғаяды, кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру көлемі ұлғаяды; аудан және қала орталықтарында микрокредиттік ұйымдар жүйесі кеңейеді; мемлекет қатысатын кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін рыноктық ортаға, бірінші кезекте кәсіпкерлікке беру жұмыстары кезеңмен жүргізіледі; кластерлі-жүйелік негізде кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық моделі енгізілетін болады.

2. Кіріспе.

Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы №450 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған жедел шаралар бағдарламасында» қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

Дүниежүзілік тәжірибе нақты көрсеткендей, нарықтық экономикасы дамыған елдердің өзінде шағын кәсіпкерлік халық шаруашылығының дамуына, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жұмыспен қамтылған қызметкерлер санын арттыруға едәуір әсерін тигізеді. Жекелеген елдерде шағын кәсіпкерлік субъектілері өздері өндірген тауар және оны сату көлемі, атқарған жұмысы мен көрсеткен қызметі, жұмыспен қамтылған адамдар саны жағынан алдыңғы рөлде.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың шетелдік және отандық тәжірибесін талдай отырып, оның келесі басымдықтарын атауға болады: шаруашылық жүргізудің жергілікті жағдайларына жылдам дағдылану; шағын кәсіпкерлік субъектілері іс-әрекеттерінің тәуелсіздігі; шешімдердің қабылдану мен орындалудағы шұғылдығы мен икемділігі; шығындардың кемдігі, әсіресе басқаруға кететін шығындардың; өз идеяларын, мүмкіншіліктерін іске асыруға жеке тұлға үшін зор мүмкіндіктердің болуы; қаржыға деген сұраныстың төмендігі және жергілікті рыноктардың талаптарына сәйкес өнімге және өндіріске тез арада өзгеріс енгізу; өзіндік қаржының жылдам айналымдылығы және т.б. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жергілікті рыноктың сұранысын жақсырақ біледі, көп жағдайда нақты бір тұтынушылардың тапсырысымен тауарлар өндіреді, ірі кәсіпорындарға қарағанда көптеген адамдарға қажетті қаражаттар бере отырып, кәсіби жұмысшылар даярлауға және тәжірибелік білімдерді таратуға септігін тигізеді. Жекелеген елдерде шағын және орта кәсіпорындар ірі кәсіпорындармен салыстырғанда сан жағынан да, сондай-ақ тауар өндірудегі, жұмыс атқарудағы, қызмет көрсетудегі үлес салмағы жағынан да басым орынға ие. Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлікке кейбір кемшіліктер де тән, олардың арасында ең елеулілерін атап өту қажет: ықтимал тәуекелдің көптігі, соның салдарынан рыноктағы жағдайдың тұрақсыздығы дәрежесінің жоғары болуы; ірі компанияларға тәуелділігі; жұмысты басқарудағы кемшіліктері; басшылардың жетік біле бермеуі; шаруашылық жүргізу шарттарының өзгеруіне жоғары сезімталдығы; қосымша қаржыларды тартудағы және несиелерді алудағы қиындықтар; шаруашылық жүргізуші әріптестердің келісімдерді (шарттарды) түзгендегі сенімсіздігі және сақтығы және т.б.

Шағын және орта бизнесті нығайту мақсатында Елбасы 2005 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта бизнесті қолдаудың жаңа бағыттарын белгілеп отыр, олар – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірлей жаңа идеологиясын құру және кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызу, мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін шағын және орта бизнеске беруі; қаржылық супермаркет құру; банк кредиттеріне кепілдік беру мен сақтандыруды жүзеге асыру.

Осы Бағдарлама сан жағынан сегізінші болып табылады және алдыңғыларына қатысты сабақтастықты сақтайды. Бағдарлама облыс экономикасының дамуында белгіленіп отырған тенденциялар мен іс-шаралар ескеріле отырып әзірленді.

Бағдарламаның іс-шаралары шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесуге және қолдауға, шағын бизнесті дамыту үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын ұйымдастыру үшін мүмкіндіктерді толық пайдалануға, жұмыс орнының санын арттыруға, ресми және жасырын жұмыссыздықты азайтуға, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, сонымен қатар, облыстық және жергілікті деңгейдегі қолдау шараларының сапасы мен тиімділігін арттыруға және шағын бизнес секторындағы проблемаларды жоюға бағытталған.

3. Кәсіпкерліктің қазіргі жай-күйі мен дамуын талдау

1) Жалпы жағдай

Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат шараларын іске

асырудың арқасында Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлік секторы жоғары деңгейге жетті. Егер 2002 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 44,2 кәсіпорын болса, 2004 жылы 1000 тұрғынға 52,5 шағын кәсіпкерлік субъектісі келеді.

Бүгінгі таңға кәсіпкерліктің өрістеуіне, оны дамыту үшін жағдайлар жасауға, тексеруші органдардың бюрократтық іс-әрекеттерінен қорғауға әсерін тигізетін нақты қадамдар жасалды.

Облыстық мемлекеттік органдар жанынан кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен қоғамдық сараптау кеңестерін құру процесі жүргізілуде. Сараптау кеңесінің мәжілістерінде толғағы жеткен мәселелер, билік өкілдері мен кәсіпкерлер арасындағы даулы жағдаяттар және сол мемлекеттік құрылымның қабылдаған нормативтік құқықтық актілеріне қоғамдық сараптама жүргізіледі. Сараптау кеңестерінің шешімдері ұсынымдық сипатта болғанымен, мұндай сараптау кеңестерінің құрылуы және жүйелі түрде жұмыс жасауы мемлекеттік органдардың жұмысын кәсіпкерлер үшін ашық етуге, арада байланыс орнатуға септігін тигізеді.

Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлікті қолдаудың тағы бір бағыты ол облыстық бюджеттен кредиттеу. 1997 жылдан бері өз бизнесін дамытамын деген кәсіпкерлерге басым бағыттағы 159 жоба үшін кредит берілген. Оның ішінде өндірістік секторда – 72,7%, ауыл шаруашылығында – 19,8%, қызмет көрсету және көлік саласында – 7,5%. 2004 жылы облыстық бюджеттен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген сыйақы ставкаларымен 35 млн.теңге кредит берілген, бір қолға шаққанда 10,5 млн.теңге. Кәсіпкерлердің жобаларын іске асыру үшін кредиттеу барысында жыл басынан бері 249 жұмыс орны ашылды.

2005 жылдың 1 қаңтарына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттік қаражаты 22010,5 млн.теңгені құрады.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы шағын кәсіпкерлікті сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер экономиканың бұл секторында оң өзгерістердің болып отырғанын көрсетеді. Бұл өндірістің қайта жаңғыруынан, халықтың нақты ақшалай табысының ұлғаюынан, мемлекеттік қолдаудың күшеюінен туындаған.

2005 жылдың басына тіркелген кәсіпкерлік құрылымдардың жалпы саны (базардағы саудагерлерді қосқанда) шамамен 114800 бірлікті құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 15% жоғары болды. Тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілері 97% кәсіпорындарының 97%-ы қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрғандар.

1) Заңды тұлға ретінде тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілер саны 12851 бірлікті құрады, оның 9163-і жұмыс істейді.

2) Жеке тұлға ретінде тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілер саны 101949 бірлікті құрады, оның 47709-ы - жеке кәсіпкерлер, 54240 – шаруа қожалықтары.

Облыс бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері жалпы саны ішіндегі жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының үлес салмағы 88,8%-ды құраса, сәйкесінше заңды тұлғалар үлес салмағы 11,2% -ды құрайды.

Жүргізілген мониторинг нәтижесі соңғы жылдары шағын кәсіпкерліктің тіркелген кәсіпорындары мен оның жұмыс істеп тұрғандарының қатынасы өзгеріссіз қалуда деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Мәліметтер бойынша тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің (заңды тұлғалар) шамамен 29%-ы, ал ол орта есеппен 3000 кәсіпорын, тоқтап тұр немесе көлеңкелі бизнеске кетуде.

Шағын кәсіпкерліктегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санына қатысты, кәсіпкерлік дамуына жасалған талдау барысында анықталғаны шағын бизнестегі құрылымдық бірліктер санының ауыл шаруашылығы, сауда және қызмет көрсету салаларында жаңа кәсіпорындар құрудың есебінен өсіп отырғанын көрсетеді. Белсенді кәсіпорындардың ең көп шоғырланғаны ауыл шаруашылығында - 49,8%, сауда саласында - 35,5%, көлік және байланыста - 2,5%, қонақ үй бизнесінде - 1,5%, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында - 1,5%, және басқа да қызмет түрлерінде - 9,2%.

Оның қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы секілді тұрғыны көп ірі орталықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін өндірістік сектор жеткілікті дәрежеде дамымаған деген тұжырымдама жасауға болады. Ресми түрде тіркелген жұмыссыздарды, сонымен бірге базарларда сауда-саттықпен және басқа да табыс тұрғысынан алғанда тұрақсыз жұмыспен қамтылған адамдарды ескерсек, онда аталған аймақта шағын кәсіпкерлік секторын дамытуға еңбек ресурстарының әлеуеті жеткілікті деуге болады.

Шағын кәсіпкерлік саласында 312,2 мың адам қамтылған, ол өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 5,3% көп (2003 ж. - 296,5 мың адам) немесе облыс экономикасының жұмыспен қамтылған халқының 31,1%-дан астамын құрайды:

жеке кәсіпкерлікте – 59,4 мың адам

шаруа қожалықтарында – 186,8 мың адам

заңды тұлға ретінде тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарында – 66,1 мың адам.

Шағын бизнес өкілдері 117463,3 млн. теңгеге өнім өндірген, жұмыс атқарған және қызмет көрсеткен, ол өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 16% көп. Орта есеппен бір шағын бизнес субъектісі (заңды тұлға) 7408,8 мың теңгеге өнім өндірген, жұмыс атқарған және қызмет көрсеткен.

2004 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінен 6719,9 млн.теңге салық, алымдар, кедендік және басқа да төлемдер төленген, ол өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 19% көп (2003-5645,9 млн.теңге). Салықтық төлемдердің түсімі келесідей: заңды тұлғалар 5445,1 млн.теңге төлеген, жеке кәсіпкерлер –1016,3 млн.теңге, ал шаруа қожалықтары - 258,5 млн. теңге.

Облыс бойынша жыл басынан, қаржы департаментінің мәліметі бойынша, кәсіпкерлерге қолданылмай жатқан 19 коммуналдық меншік объектісі берілген, оның ішінде 11 объекті қайтарымсыз негізде берілген. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің таңдауы бойынша 10 объект әрі қарайғы меншік құқығымен сенімді басқаруға берілген.

Реформа жүргізілгелі бері жер иеленуге 96264 акт берілген, оның ішінде шаруа қожалықтарына – 58538, жеке кәсіпкерлерге – 7040, өндірістік кооперативтерге – 1025, толық серіктестіктерге – 48, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге – 1117. 2004 жылдың 1 тамызына тұрғын үйлерде шағын бизнес объектілерін ашу үшін пәтерді қайта жоспарлау үшін кәсіпкерлерге 1978 рұқсат берілген.

2) Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымы

Кәсіпкерліктің дамуын мемлекеттік қолдаудың қозғаушы рычагының бірі кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту болып табылады, мұның астарында шағын кәсіпкерліктің бүтіндей өндіріс процестерінде және қызмет жасауында қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін кәсіпорындар, мекемелер және институттар жиынтығы түсіндіріледі.

Шағын кәсіпорындардың проблемаларын зерттеу және қорыту, шағын кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу, билік органдарында шағын бизнестің мүдделерін қолдау және заңды құқықтарын қорғау, шағын кәсіпкерліктің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу, маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге кәсіпкерлерді тарту бойынша жұмыстарды іске асыру – бұл функцияларды кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері жүзеге асырады.

Функционалдық бағыттылығына байланысты инфрақұрылымдық институттардың құрылымын қаржы институттары, қоғамдық ұйымдар, салалық қауымдастықтар, бизнес – инкубаторлар, индустриялық және технологиялық парктер, ақпараттық-талдамалық, маркетингтік, консалтингтік, оқыту орталықтары, халықаралық институттар айқындайды.

Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлердің 20-дан астам қоғамдық бірлестіктері және салалық қауымдастықтары қызмет етеді. Кәсіпкерлік қолдау саласында көптеген түрлі институттар бар, қолдаудың негізгі принциптері, формалары мен механизмдері қалыптастырылған.

Экономикалық тұрақтылық пен экономикалық қызметтің белсенділігі жөнінде банктердің ресурстық базасы мен банктік несиелердің ұлғайғаны куә болады. Макроэкономикалық тұрақтылық пен қаржы жүйесінің дамуы коммерциялық банктердің несиелік ресурстарын кәсіпорынның техникалық жаңаруына, бәсекелестікке қабілетті жаңа өндірістер құруға бағытталған ұзақ мерзімді инвестицияға қарай ұлғайтық. Олардың ұлғаюының тұрақты динамикасы байқалады. Жалпы несиенің ең көп бөлігі өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығында пайдаланылуда.

Сондай-ақ, облыстың негізгі қаржы институттары, микрокредиттік ұйымдар, қоғамдық қорлар («Қазақстандық несиелеу қоры» Шымкент филиалы, «ОҚО Фермерлер мен кәсіпкерлерді қолдау Қоры» қоғамдық қоры, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық филиалы), лизингтік компаниялар болып табылады.

Үшінші деңгейлі кредит беру жүйесінің қызмет етуі тек микрокредит берумен айналысатын мекемелердің қызметіне тікелей байланысты. Тек өз капиталының есебінен, гранттардан және бағдарламаға қатысатын кәсіпкерлердің жарнасынан кредит беретін микрокредиттік ұйымдар мемлекет тарапынан төмен дәрежеде реттелетін кредиттік қарым-қатынас жүйесінің деңгейі болып табылады. Бұл өз кезегінде ұсақ кәсіпкерлердің қызметін қаржыландырудың негізгі көзі болып табылатын заңсыз қаржы делдалының шығуына ықпал етеді.

Облыста ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесімен қатар, микрокредиттік ұйымдар, олар облыс бойынша 64, жүйесі дамуының оң тенденциясы байқалады. Бұл республикадағы барлық микрокредиттік ұйымдар санының үштен бір бөлігін құрайды. Олар 2004 жыл ішінде 1,7 миллиардтан астам теңге сомасына кредит берген.

Шымкент және Түркістан қалаларындағы Қазақстандық несиелеу қорының филиалдары кәсіпкерлерге шағын кредит беру бойынша белсенді жұмыс атқаруда. Бизнестері Шымкент

қаласында орналасқан Сайрам, Төлеби, Қазығұрт, және Ордабасы аудандары кәсіпкерлерін қордың Шымкенттік филиалы қаржыландыруда, ал Түркістан филиалы сонымен қатар Кентау қаласындағы кәсіпкерлерді де несиелеуде.

Көрсеткіштердің атауы	2003ж	2004ж
Қаржыландырылған жобалардың саны	7407	12341
Берілген кредиттің соммасы	653,6	1138,7

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту» аймақтық қорының бастауымен осы уақытқа дейін өзіндік жеке қаражаты есебінен 64 жоба 508,2 млн. теңге сомасына қаржыландырылды. Қаржының негізгі көлемі өнеркәсіп өндірісіне -39% ауыл шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеуге-29,5%, көлік және қызмет саласына-23% жұмсалды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына қордың қаржылық көмегі республиканың барлық аумақтарында 75 мың жұмыс орнының ашылуына септігін тигізді.

Қордың негізгі проблемалары болып шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бизнесті жүргізу мәдениетінің төмендігі және кепіл құралдарының жеткіліксіз болуы салдарынан шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инвестицияға қол жетпеушілігі болып табылады.

ҚР Үкіметі мен АҚШ Үкіметі, сонымен қатар ГФР Үкіметі мен ҚР Үкіметі арасындағы келісімдер аясында Халықаралық Қайырымдылық Корпусы мен Халықаралық ТАСИС ұйымының қаражаты есебінен облысымызда құрылған «Фермерлер және кәсіпкерлерді қолдау қоры» қоғамдық қоры 1997 жылдан бері жұмыс жүргізуде. Қордың негізгі қызметі ауыл шаруашылығы өндірушілеріне, шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарға жанар-жағармай өнімдері, тыңайтқыш, ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын жеткізіп беруге түзілген шарттар бойынша төлем жасау жолымен материалдық-техникалық қолдау көрсету болып табылады.

2004 жылы кәсіпкерліктің 210 субъектісіне 25,6 млн. теңге көлемінде займ (кредит) берілген.

Жобаларды қаржыландыру мына бағдарламалар бойынша жүргізілді, атап айтқанда: 1. «Жанармай. Тұқым. Тыңайтқыш», 2. «Техника. Құрал-жабдық. Мал шаруашылығы». және 3. «Агробизнес. Шағын және орта бизнес». Қордың мақсаты тек материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар кеңес беру және тәжірибелік көмек көрсету.

Қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысында Евразия қорының, «ПРООН-ның», Әлем Корпусының техникалық қолдауымен халықаралық донорлық ұйымдардың (Неміс техникалық ынтымақтастық жөніндегі GTZ қоғамы, Сорос-Қазақстан қоры) қаражатына құрылған «СодБи» бизнес-инкубаторы қазіргі уақытта белсенді жұмыс атқаруда. «СодБи» бизнес-инкубаторы корпоративті қорының негізгі қызметі жаңадан бастап дамып келе жатқан өндірістік және сервистік кәсіпорындарға қызмет көрсету, белсенді адамдар идеяларының жүзеге асуына және дамуына қолдау көрсетуге бағытталған. «СодБи» бизнес-инкубаторы жаңадан бастаған кәсіпкерлерге офистік, қойма және өндірістік орындармен қамтамасыз етуге көмек береді. Сонымен қатар кәсіпкерлер бизнес-инкубатордан бизнес жүргізу, бухгалтерлік, заңдылық, маркетингтік курстар, заңды және жеке тұлғалардың тіркелуі туралы кеңестер алуына болады.

Кәсіпкерлер жұмыс процесінде көптеген проблемаларға кездеседі, әсіресе шағын кәсіпорындардың қалыптасу процесін өткеруі өте қиын, ол өндірістік кәсіпорындарда 3 жылдан 5 жылға дейінгі уақытты алады.

Қазақстанға қатысты жалпы проблемалар Оңтүстік Қазақстан облысына да қатысты. Бұл:

1) кемеліне жетпеген салық саясаты;
 2) кәсіпорындарда жеткілікті айналым қаражатының болмауы;
 3) кәсіпкерлерге қаржылық көмектің шектеулілігі (кредитті сақтандыру және кепілдік жүйесінің дамымауы, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттік-инвестициялық қызмет көрсетуші банктерге, лизингтік және сақтандыру компанияларына жеңілдік беру механизмінің жасалынбағандығы);

4) мамандар кеңесіне қол жетпеушілік салдарынан шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық хабардар болмауы;

5) нарықтық экономиканың мәселелері бойынша шағын кәсіпорындарда басшылар мен мамандар білім деңгейінің жеткіліксіз болуы;

6) заңдық сауатсыздық. Кәсіпкерлер қоғамның нағыз белсенді бөлігі. Қазақстан Республикасында оларға қолайлы жағдайлар жасалып отыр. Шағын бизнес саласында көп бейінді қызметтермен айналысуға қабылданған заңдық база үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Сонда да бизнесмендер заңдылықты білмеуінен жиі келеңсіз жағдайларға тап болып жатады;

7) кәсіпкерлер дайындығының төмендігі - бизнесті жүргізумен байланысты бизнесті жоспарлауды, басқаруды, маркетингті, бухгалтерлік есепті және басқа да пәндерді білмеуі. Барлық

үйретіліп жатқан бағдарламалар мен курстардың көптігіне қарамастан кәсіпкерлердің дайындығы сол төмен деңгейде қалып отыр. Жасыратыны жоқ, көптеген кәсіпкерлер бизнес-жоспарды фирма қызметі шараларының жоспары деп емес, тек несие алуға арналған деп түсінеді. Ең бастысы жаңадан бастаған кәсіпкерде қаншалықты өз мамандығы бойынша жоғары кәсіби шеберлігі, жоғары адамдық, ақыл-ой деңгейі болса да, өзі мен өз бизнесін қорғау әдістерін, өндірістік шығындарды төмендету тәсілдерін, рынокты зерттеу әдістерін біле бермейді, бизнесті ұйымдастыру мен өздігінше жүргізуге тәжірибесі болмайды.

8) мемлекеттік құрылым мен кәсіпкерлер арасында кедергілердің болуы, ауылдық аудандарда кәсіпкерлердің проблемасы - экономика саласындағы кеңес берушілердің жетіспеушілігінде және өз мүмкіндіктерін біле бермеуінде;

9) ақпараттық инфрақұрылымның жоқтығы (мамандандырылған веб-сайттар және порталдар) соның ішінде мемлекеттік тілде;

10) ауылды жерлерде кәсіпкерлік субъектілерінің кәсібилігінің және өнімділігінің төмендігі;

11) төмен бәсекелік қабілет (импорттық өнімдермен салыстырғанда, соның ішінде Өзбекстаннан келетін заңсыз импорттық өнімдерге байланысты);

12) аудандардағы кәсіпкерлердің талаптарына бейімдемесімен үкіметтік емес ұйымдар арқылы шағын және орта кәсіпкерлікке арналған оқу бағдарламасы;

13) шағын және орта кәсіпкерлікке арналған оқыту бағдарламасының тұрақты болмауы (күнделікті емес).

Шағын кәсіпкерлік саласындағы жүргізіліп жатқан процестерге әсер ету үшін жергілікті атқарушы билік тарапынан экономиканың дамып келе жатқан шағын секторын қолдау және оң динамикалық даму үрдістерін сақтап қалуды қамтамасыз ету керек.

Мұндай қолдаудың негізгі құралы өңірлік мақсатты бағдарламалар, дәлірек айтқанда, Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы болып табылады.

3) Кәсіпкерлікті қолдаудың шетелдік оң тәжірибесі

АҚШ кәсіпкерлікті реттеу мен ынталандырудың белсенді мемлекеттік саясатын жүргізуде. Елде 7 млн. астам шағын бизнес кәсіпорындары бар, олар ЖІӨ-нің жартысынан көбін өндіреді, 50% астам инновацияны өздері басқарып, көптеген жаңа жұмыс орындары санының өсуіне септігін тигізуде. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы тікелей қаржылық көмекті ұлғайту және әлемдегі ірі үкіметтік гранттардың қорын қалыптастыру, салық деңгейін төмендету немесе кейбіреулерін жою, мемлекетпен есептесулерді жеңілдету; нормативтік тиімсіз актілердің қабылдануына төтеп беру жүйесін құру, өзін ақтамайтын басқару нормаларының салмағын төмендету, Үкіметтік келісім шарттарды алудың шағын кәсіпорындар үшін ашық және қолжетімді жүйесін қалыптастыру сияқты шаралар кешенін көздейді.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау саясатын федералдық министерство - шағын бизнес мәселелері жөніндегі әкімшілік (Small Business Administration, SBA) жүргізеді. Ондағы қызметкерлердің негізгі штаты 3 мың адам SBA шағын бизнеске жылына 17 млрд доллар көлемінде бөлінген көмек қаржыны қадағалап отырады. Мемлекеттік бағдарламаларындағы шағын бизнесті дамыту жұмысы тек индустриялық-экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік бағытқа да арналған. Негізінде үлкен техникалық және коммерциялық тәуекелдегі инновациялық шағын кәсіпорындарға және бұған байланысты маңызды проблемалардың бірі венчурлық капиталды тарту мәселесін шешуге көп көңіл бөлінеді. Мемлекеттік SBA тұлғасы ретінде кәсіпкерлерге кредит беруші инвестициялық компания кредит несиелеу гаранты болып шығады. Американдық сарапшылардың бағалауы бойынша бағдарламаға кеткен бюджеттік шығыстар көптеп қайта кіреді екен, қазіргі уақытта ол 65% венчурлық қаржыландыруды қамтамасыз етуде.

Германия

Германияда шағын және орта бизнестегі кәсіпорындарды қолдау жүйесі төмендегі негізгі қағидаларға негізделеді:

1. жеке сектор қызмет ету жағдайларының өзгерісіне қай дәрежеде бейімделе алмай жатса, мемлекет экономикалық процеске сол дәрежеде араласады.

2. басымдық мемлекеттік қолдауға емес, кәсіпорынның өздігінше жұмыс істеуіне беріледі.

3. Инвестициялық қаржыландырудағы қажеттіліктің аздаған бөлігін, тәртіп бойынша қосымша және субсидия жабады.

Тұтастай экономика мүддесі тұрғысында орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада нарықтық жағдайлардың табиғи өзгерісін тежеуге мемлекеттің құқығы жоқ. Яғни оларға дағдылануға мұршасы жоқ тиімсіз кәсіпорындар мен салалар рыноктан кетуге тиіс. Қабылданып

отырған мемлекеттік қолдау шаралары шағын және орта кәсіпорындардың тиімсіздігінен туындап отырған проблемаларды шешуге бағытталады.

Мемлекеттік басқару органдарының жұмыс жүктелімін азайту мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бірқатар функциялар кейбір көпшілік-құқықтық институттарға, дәлірек айтқанда Кредитанштальт фюр Видерауфбау (КфВ) сияқты мамандандырылған банктерге, сондай-ақ жеке бизнестегі өзін-өзі реттейтін ұйымдарға, мысалы қолөнер мамандары мен сауда-өнеркәсіптік палаталарға берілген.

Германияда шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау инвестициялық белсенділікке ықпалын тигізетін федералдық және өңірлік маңызы бар 300-ден астам бағдарламаларды қамтиды. Ықпал ету шағын және орта бизнеске технологиялар мен тиісті экономикалық ақпарат беру, сондай-ақ экономикалық және техникалық кеңестерді және шағын және орта кәсіпорындар қызметкерлері мен басшыларын оқыту және біліктіліктерін арттыру жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру түрінде болады.

Қытай Халық Республикасы

Шағын және орта кәсіпорындарды белсенді қолдау мен олардың дамуына ықпал ету Қытай үкіметінің маңызды бағыты болып табылады. «Ірі кәсіпорындарды сүйемелдей отырып, шағын кәсіпорындарды қолдау» саясатын ұстана отырып (шағын бизнесті құқықтық және қаржылық қолдай отырып, ірі кәсіпорындардың экономикалық әлеуетін сақтап қалуға бағытталған өнеркәсіптік саясат меззелуде), ол шағын және орта кәсіпорындарды дамыту жөнінен бірқатар шаралар қабылдады.

Қытай үкіметі шағын және орта кәсіпорындар үшін жалпы жеңілдіктерді қарастырмаған. Жеңілдіктер кәсіпорындар үшін олардың ерекшеліктеріне байланысты жұмыс істейтін ұжымдар үшін пайдалы болуы тұрғысынан дифференциалды түрде белгіленеді.

Израиль

Кәсіпкерлерді оқытуды, оларға кеңес беруді, бизнес-жобаларды сараптау мен қаржыландыруды жүзеге асыратын кісіпкерлікті қолдау жөніндегі орталықтардың қуатты жүйесі жұмыс істейді. Сондай-ақ, мұнда шағын кәсіпорындардың экспорттық қызметіне қолдау көрсететін көптеген мемлекеттік және жеке қорлар бар. Шағын бизнесті қаржылық қолдау бюджеттегі бір ғана тармақпен шектелмейді – шағын бизнес экономиканың көптеген салаларының құрамдас бөлігі болып табылады және ол СІМ немесе Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Ауылшармині, Абсорбция министрлігі болсын әрбір салада қолдаудың өзіндік схемалары бар шағын кәсіпкерлік өнімдерін шетелдік рыноктарға өткізумен және маркетингпен айналысатын қор жұмыс істейді. Кәсіпкерлікті дамыту Израильдің мемлекеттік деңгейдегі экономикалық саясатының маңызды бағыты болып табылады. Бұл ел экономикасын мейлінше либералды және серпінді етеді.

Осылайша, әдіс-тәсілдердің алуан түрлі болуына қарамастан көптеген Европа елдері өздері үшін белгілі бір кластерлік стратегияны әзірлеп шығарды. Мұндай стратегияны мейлінше анық формада жүзеге асыратын елдер – Дания, Нидерланды, Бельгияның фламанд ауданы, Квебек (Канада), Финляндия, сондай-ақ Оңтүстік Африка (жаңа үкімет тұсындағы). Басқа атаумен болса да, өзіндік ерекшелігі бар кластерлік стратегия бұрыннан қолданылып келе жатқан елдер ретінде Франция мен Италия үлгі бола алады.

4) Бәсекелік ортаға беріліп отырған қызмет түрлерін таңдау

Бүгінгі таңда мемлекеттік кәсіпорындардың кейбір профилдік емес функцияларын Оңтүстік Қазақстан облысының бәсекелік ортасына беру мүмкіндігі қарастырылуда.

Барлығы Оңтүстік Қазақстан облысы коммуналдық меншігінде жарғылық капиталына мемлекет қатысатын 65 кәсіпорын (олардың ішінде – 8 акционерлік қоғам, 30 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 15 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын және 12 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын) бар. Осы кәсіпорындардың қызметіне жасалынған талдау мемлекетке тән емес кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылатындығын, сол арқылы рыноктың мемлекеттік монополиямен алмастырылатындығын көрсетеді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауының шеңберінде Бағдарламаның негізгі мақсаты нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, әлемдік рыноктарда Қазақстанның бәсекеге кәбілеттілігін арттыру, жұртшылықтың кәсіпкерлікке деген көзқарасын келеңсізден болымдыға қарай өзгерту арқылы кәсіпкерлік ахуал орнату, шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту, шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың тиімді тетіктерін тарату, білім беру қызметін кеңейту жолымен

шағын кәсіпорындар құруды және олардың тұрақты қызмет етуін ынталандыратын барынша қолайлы экономикалық ортаны қалыптастыру болып табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру экономикалық реформаның маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады және кластерлік-желілік қатынас негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы экономикасының түрлі секторларында шағын кәсіпкерліктің дамуы үшін қажетті жағдайлар жасауға бағдарланады.

Бағдарлама Оңтүстік Қазақстан облысында шағын кәсіпкерлікті ұйымдастырушылық, қаржылық-кредиттік, нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру, облыс кәсіпкерлеріне техникалық, ақпараттық және қаржылық қолдау көрсету қажеттігінен әзірленуде. Бағдарлама облыс экономикасын тұрақтандырудың және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі бола отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының шағын кәсіпкерлік саласындағы проблемаларын, бірінші кезекте, облыстық бюджет қаражаты есебінен ғана емес, сонымен қатар бюджеттен тыс қаржыландыру тетіктерін барынша пайдалана отырып, шағын бизнестің ішкі резервтері мен мүмкіндіктері: өзара кредит берудің кепілді мамандандырылған қорлары мен қоғамдары жүйесін дамыту есебінен шешуді көздейді. Бағдарлама шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың республикалық бағдарламасының негізгі бағыттарына, Оңтүстік Қазақстан облысы дамуының басымдықтарына сәйкес келеді.

Бағдарламаны іске асыру облыста халықты жұмыспен қамтуды ұлғайтуға және әлеуметтік шиеленісті төмендетуге ықпалын тигізетін болады. Бағдарлама Оңтүстік Қазақстан облысында шағын кәсіпкерлікті қолдау саясатының негізгі мақсаттарын іске асыруды көздейді.

Оңтүстік Қазақстан облысында шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымды бағыттары облыс экономикасының жай-күйін талдау және болжамдау, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің, соның ішінде облыс қалалары мен аудандары әкімдіктерінің, қоғамдық кәсіпкерлер бірлестіктерінің және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ұсыныстары негізінде айқындалған.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмі

Шағын кәсіпкерлікті өңірлік қолдау мен дамыту жүйесінде 2006-2008 жылдарға қойылып отырған міндеттерді шешу үшін мынадай бағыттар күшейтілетін болады:

1) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасау. Экономиканы бюрократиясыздандыру мен әкімшілік тосқауылдарды жоюдың тиімді тетіктерін қалыптастыру;

2) өміршең инфрақұрылымдық жүйе құру және оны қамтамасыз ету: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» өңірлік филиалын, орталықтандырылған бухгалтерия және орталықтандырылған заң қызметі функцияларымен кәсіпкерлікті қолдаудың арнайы алаңдарын, Бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі кеңестер құру, ақпараттық инфрақұрылымды дамыту;

3) жарғылық капиталына мемлекет қатысатын кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың профилдік емес функцияларын нарықтық ортаға, бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерлікке беру;

4) кәсіпкерліктің инновациялық экономикаға қатысуы.

1) Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасау. Экономиканы бюрократиясыздандыру мен әкімшілік тосқауылдарды жоюдың тиімді тетіктерін қалыптастыру

Кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік билік және басқару органдары белгілі бір дәрежеде айқындайтын қолайлы құқықтық, экономикалық, саяси және өзге де жағдайлардың болуына көбіне тәуелді болатын ұзақ мерзімді процесс болып табылады.

Бағдарламаның осы бөлімінің мақсаты мына төмендегілерді көздейтін заңнамалық және нормативтік актілерді дайындауға, ұсыныстар әзірлеу жолымен, қатысуды қоса алғанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін құқықтық жағдайлар жасауға ықпал ету болып табылады:

1. кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарын іске асыруды;

2. салықтық, бағалық, кредиттік, лизингтік жеңілдіктер, дотациялар беру туралы заң актілеріне ұсыныстар мен толықтырулар әзірлеуді;

3. кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттейтін ұзақ мерзімді және қымбат тұратын «рұқсат беру» рәсімдерін (мемлекеттік тіркеу, лицензиялау) жеңілдету жөнінен ұсыныстар енгізуді;

4. кәсіпкерлік субъектілеріне ең төменгі жеңілдіктер шегіне кепілдік беруді, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың мәртебесін арттыруды және өкілеттіктерін кеңейтуді;

5. бұрын қабылданған құқықтық актілермен сабақтастықты сақтауды және кәсіпкерлік үшін ахуалды қиындататын жағдаяттарға жол бермеуді.

Кәсіпкерліктің дамуына кері әсерін тигізетін факторлардың бірі қолданыстағы заңнаманың жергілікті деңгейде нашар орындалуы болып табылады.

Әкімшілік тосқауылдарды төмендету. Осы бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі өңірлік деңгейде әкімшілік тосқауылдарды жою болып табылады. Кәсіпкерлердің бастарының бірікпеуі олардың өз мүдделерін тиімді қорғауына мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты бизнес-қауымдастықтардың мүдделерін білдіретін және сүйемелдейтін жергілікті мемлекеттік органдардың, Бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі кеңестердің және қоғамдық кәсіпкерлер ұйымдарының өзара ынтымақтастығының болуы маңызды.

Кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы ахуал қалыптастыру үшін Сараптау кеңестерін (СК) әрі қарай қалыптастыру жұмыстары жүргізілетін болады, олардың құрамына бизнес-ассоциациялардың өкілдері, кәсіпкерлер, департаменттердің, орталық атқарушы органдар аумақтық бөлімшелерінің, екінші деңгейдегі банктер аумақтық филиалдарының, басқа да кредиттік институттардың басшылары кіреді. Бұл ретте СК-да шешу қажет міндеттер - өңірлік даму бағдарламаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу, өңір үшін маңызды инвестициялық жобалар, облыс аумағындағы бизнес қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар, қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру және өткізу ескерілетін болады.

Әкімшілік тосқауларды жою жөніндегі міндеттерді іске асыру үшін кәсіпкерлерге арналған жолсілтіме шығарылып, онда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне бақылау функцияларын жүзеге асыруға жіберілген және олардың қызметін жоспарлы және өзге де тексерулерді іске асыратын ұйымдардың егжей-текжейлі тізбесі беріледі, лауазымды тұлғалардың нақты өкілеттіктері белгілінеді, кәсіпкерлердің тексеру нәтижелеріне шағымдану құқықтары түсіндіріледі.

Кәсіпкерлік қызметті насихаттау

Қоғамда кәсіпкерлік ахуалын қалыптастыру қоғамның фундаменталдық мінезін өзгертуді, адамдар санасындағы күрделі өзгерістерді қажет етеді. Мұндай көшу жұртшылықтың кәсіпкерлікке деген көзқарасын келеңсізден болымдыға қарай өзгерту жолымен іске асырылады. Мемлекеттің мұндай саясатының негізгі мақсаты тұрақты түрде кеңейтілетін кәсіпкерлердің тұтастай табын құруға бағытталған. Бұл үшін жергілікті теледидар арналарында кәсіпкерлікке арналған телехабарлар шығару арқылы кәсіпкерлер имиджін көтеруге бағытталған белсенді насихаттау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Аталған телехабарлар табысты кәсіпкерлердің қызметін көрсетуі және бизнес жүргізу бойынша, мемлекеттік бақылау-қадағалау органдарының құзыреттері жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет.

Сонымен қатар ақпараттық-презентациялық материалдар (жергілікті газеттерде мақалалар жариялау, шағын және орта бизнес мәселелері жөнінде өткізілген семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» қорытындысы бойынша дайындалған презентациялық брошюралар шығару) шығару белсендірілетін болады.

Жыл сайын кәсіпкерлер форумын және бірнеше номинациялар бойынша «Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы жетістігі үшін» конкурсын өткізу белгіленген.

2) Өміршең инфрақұрылым жүйесін құруды қамтамасыз ету

Оңтүстік Қазақстан облысындағы кәсіпкерлікті дамытуға кластерлік-жүйелік қатынасты қамтамасыз ету

Жеке кәсіпорын ашық рынокта табысты күресуге дәрменсіз. Бұл мәлімдеме біршама асыра айтылса да, ақиқатқа өте жақын. Кез келген кластер дамуының негізгі механизмі бәсекелестік пен кооперацияны бірлестіру, барлық негізгі қатысушылардың – шағын және орта кәсіпорындардың, билік органдарының, жоғары оқу орындарының бірлесіп даму шарттарын оңтайландыруға бағытталған өзара іс-қимыл жасауы болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысында кластерлік-жүйелік даму негізінде тоқыма, туристік, тамақ кластерлері мен құрылыс индустриясы кластері құрылатын болады. Кластерлік дамуды қолдану шағын және орта кәсіпорындардың кеңінен дамуына, олардың өз әлеуеттерін іске асырылуына мүмкіндік береді. Шағын бизнестің дамуына шағын кәсіпорындардың мейлінше қуатты экономикалық құрылымдардың өндірістік жүйесіне ықпалдасуы себін тигізуі мүмкін. Бұл ретте байланыстарды кооперациялау осы проблеманы шешуде ерекше роль ойнайтын болады. Мұндай ықпалдасудың ұйымдастырушылық нысандары алуан түрлі болып келеді:

филиалы жанынан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі арнайы алаңдар құру бойынша жұмыстарды мақсатты жүргізетін болады.

Кредиттік жүйенің үшінші деңгейі ретінде микрокредит беру жүйесін дамыту шеңберінде «Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ өңірлік филиалы алға қойылған міндеттерді мына бағыттарда іске асыруды жоспарлап отыр:

- 1) өңірлік қордың микрокредиттерді тікелей беруі;
- 2) жұмыс істеп тұрған микрокредиттік ұйымдарды ресурстық қолдау;
- 3) «Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ-мен үлестік негізде жаңа микрокредиттік ұйымдар құру және оларды бастапқы кезеңде ресурстық қолдау.

Облыс қалалары мен аудандарында өңірлік қордың микрокредиттік жүйесін дамыту Қаржы супермаркеті бөлімшесінің функцияларын «жалғыз терезе» қағидаты бойынша орындауға мүмкіндік береді, кәсіпкерлік құрылымдарының қаржы ресурстарына қолжетімділігін кеңейтеді.

Өңірлік қордың материалдық-техникалық базасында бизнесті қолдаудың арнайы алаңдары құрылады.

Аталған бизнес-алаңдардың негізгі функциялары орталықтандырылған бухгалтерия жүргізу және заң қызметін көрсету болып табылады. Арнайы мамандандырылған бизнес алаңдар кәсіпкерлердің бухгалтерлік есеп жүргізуге, бизнесті заң жағынан алып жүруге кететін шығындары мен уақыттарын қысқартуға ықпал етеді. Кәсіпкер өз кәсіпорны жұмысының алғашқы мәліметтерін (есеп-фактуралар, кассалық кіріс ордерлерін, пәттемелер, накладнойлар және т.б.) дайындайды, олардың дұрыстығы үшін өзі жауап береді және Орталықтандырылған бухгалтерия қызметін көрсететін ұйымға тапсырады. Білікті мамандар алынған ақпаратты өңдейді, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес барлық қажетті есептерді түзеді және белгіленген мерзімдерге салық, статистика органдарына және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі органдарға тапсырады. Орталықтандырылған бухгалтерия қызметінің өзі де бухгалтерлік есептілікті жүргізу мен уақтылылығы үшін жауап береді.

Орталықтандырылған заң қызметінің функцияларына келетін болсақ, клиент сұрау дайындайды, оның мазмұны мен анықтығы үшін жауап береді және орталықтандырылған заң қызметіне береді. Сұрауды бергеннен кейін бүкіл жауапкершілік заң қызметінің маманына өтеді, ол аталған клиентке бүкіл қызмет ету кезеңіне бекітіліп беріледі. Содан соң білікті мамандар тобы алынған ақпаратты өңдеп, қолданыстағы заңнама нормаларына және клиенттің сұрау салуына сәйкес құжаттардың қажетті тізбесін, түрлі есептер дайындайды, мемлекеттік органдарға өтініш жасайды және т.б.

Орталықтандырылған заң қызметі негізінде заң қызметі толық спектрін сапалы көрсету – бизнесті заң жағынан алып жүру болып табылады.

Мұндай бизнес-алаңдар кәсіпкерлік субъектілерінің өз штаттарында бухгалтерлер мен юристерді тұрақты ұстау жөніндегі шектеулі ғана қаражаттарын үнемдеуге және ұтымды пайдалануға ықпалын тигізеді.

Бизнес-алаңдардың тиімді жұмыс жасаулары үшін олардың жұмысын құзыреттері бизнес-алаңдар бөлімшелерінің қызметіне қатысты мемлекеттік бақылау-қадағалау органдарының жұмысымен ұштастыру қажет.

Бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі кеңестерді құру. Бүгінгі таңда мемлекет пен бизнес әлеуметтік әріптестіктің жұмыс істейтін моделін құруы қажет. Бизнесті еліміздің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуге тарту механизмдерін табу, бұл ретте бизнес пен биліктің мүдделеріне қысым жасамау қажет. Осылайша қоғамда қалыптасқан кәсіпкерлікке сенімсіздікті жоюға және ұзақ мерзімді әлеуметтік және саяси тәуекелдерді төмендетуге болады. Сонымен қатар мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілерге ықпал ету механизмдері болуы тиіс.

Бизнес пен биліктің өзара іс-қимылы өзара жауапкершілік пен өзара мүдде негізінде бірлескен жобаларды әзірлеген жағдайда мүмкін болады. Осы тектес міндеттерді шешу үшін өңірлік деңгейде бәсекелестікке қабілеттілік жөнінде кеңес құрылатын болады.

«Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру және Президенттің Қазақстан халқына «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» Жолдауын орындау, сондай-ақ кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің сындарлы бастамаларын қолдау, әрбір кәсіпкердің экономикалық дамыған мемлекет құрудағы белсенді өмірлік ұстанымын насихаттау үшін Оңтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің 2002 жылғы 29 қазандағы № 389, 2002 жылғы 7 қарашадағы №390 қаулыларымен облыс әкімдігі жанындағы шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің жанындағы кәсіпкерлер кеңесі құрылған.

Комиссия мен Кеңес құрамына «Оңтүстік кәсіпкерлерінің лигасы», «СодБи» бизнес-инкубаторы қоғамдық ұйымдарының, қоғамдық «Фермерлер мен кәсіпкерлерге жәрдемдесу

қорының», «Қазақстан іскер әйелдері ассоциациясы» Оңтүстік Қазақстан филиалының өкілдері кіреді.

Бүгінгі күнгі нақты жағдай Комиссия мен Кәсіпкерлер кеңестерінің қызметін оларды Бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі кеңес етіп қайта құру жолымен белсендіру қажет. Кеңестің негізгі мақсаты тұрақты өсіп отыратын өмір сүру деңгейіне және халықтың өркендеуіне қол жеткізу мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысы өңірлерінің, кәсіпорындарының бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру арқылы оның ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылықтарын қамтамасыз ету болады.

Кеңестің негізгі міндеттері қазақстандық кәсіпорындардың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға, өңірлік деңгейде стратегиялық жоспарлау сапасын жақсартуға бағытталған қажетті шараларды талдау және әзірлеу болады.



қауымдастықтарды және ғылыми-көпшілік өкілдерін еліміздің бәсекелестікке қабілеттілік идеясы маңына біріктіреді. Бұл кәсіби қауымдастықтың белсенді қолдауын және мемлекеттік, өңірлік билік органдары мен бизнес-қауымдастықтардың күш-жігерін топтастыруды талап етеді.

Әйелдер және жастар кәсіпкерлігін дамыту. Өңірлік орталықтардың маңызды міндеті жастар және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту болады. Қазіргі уақытта кәсіби біліктілігі, сондай-ақ орта және жоғары білімі бар жастар мен әйелдердің белгілі бір бөлігі мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуда едәуір қыншылықтарға тап болуда. Бұл ретте, олардың ауылда, қалалар мен ірі қалаларда орналасуына қарай әртүрлі проблема спецификасы байқалады.

Орталықтардың негізгі міндеті экономиканың түрлі салаларында кәсіпкерлік қызметті дербес жүзеге асыруға әлеуеті бар жастар мен әйелдердің мақсатты топтарын анықтаудан тұрады. Анықталған контингентке кәсіпкерлік негіздерін оқыту, қаржыландыру, бухгалтерия және салық жөнінен бизнес-кеңестер, инвестор іздестіру, маркетингтік зерттеулер және т.б. ұсынылады.

3) Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың профильдік емес функцияларын нарықтық ортаға, бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерлікке беру

Дамыған бәсекелік ортаға жарнама өндіру, баспа және полиграфия, құрылыстық, сәулеттік жобалау, жөндеу және делдалдық қызмет көрсету, заң қызметін көрсету, рынокты және қоғамдық пікірді зерттеу жөнінен қызмет көрсету, бухгалтерлік есеп, зерттеулер мен әзірлемелер тұрғысында қызмет көрсету, компьютерлік және онымен байланысты қызмет көрсету, жылжымайтын мүлікпен байланысты қызмет көрсету, көркейту және көгалдандыру, техникалық сынау және талдау жөнінен қызметтер көрсету, коммуналдық қызметтер көрсету, денсаулық сақтау және кәсіби білім беру жөнінен қызмет көрсету сияқты қызмет түрлерін беруге болады.

Мемлекеттік кәсіпорындарды нарықтық ортаға беру кезіндегі негізгі принцип шаруашылық жүргізуші субъектілердің нарықтық өзара қарым-қатынастарына мемлекеттің қатысуын азайту болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігінде 65 кәсіпорын бар. Бұл:

1. 8 акционерлік қоғам;
2. 30 жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
3. 15 шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын;
4. 12 шұғыл басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын.

Мемлекеттік кәсіпорындарға алдын ала жасалған талдау нарықтық ортаға шаруашылық жүргізу және шұғыл басқару құқығындағы барлық дерлік мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды беруге болатындығын көрсетеді.

Бұл үшін мынадай жұмыстарды атқару қажет:

1. мемлекеттік кәсіпорындар мен табиғи монополистердің қызмет түрлерін, профильдік емес функцияларды анықтау тұрғысынан, оларды бәсекелік ортаға, ең алдымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін құрылтай құжаттарын түгендеуден өткізу;
2. мемлекеттің кейбір акционерлік қоғамдарға және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуының орындылығына талдау жүргізу;
3. бәсекелік ортаға беруге жататын мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекеме болып қайта құрылудағы мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін анықтау.

4) Кәсіпкерліктің инновациялық экономикаға қатысуы

Қазіргі уақытта толық заңнама базасы және мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінің шағын бизнес идеяларын сөзсіз қолдауы бола тұра, шағын бизнестің қалыптасуына мемлекеттік қаражаттардың құйылуына және тұрақты түрде шетелдік қаражаттардың тартылуына қарамастан оның дамуының нәтижесі өте төмен күйде. Шағын бизнесті дамытудағы өзекті міндеттердің бірі өндірісті ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізу болып табылады.

Мониторингтік мәліметтерге жасалынған талдау қазіргі уақыттағы экономикалық жағдайдың, сондай-ақ мемлекеттік қолдау әдіс-тәсілдерінің сауда және қызмет көрсету саласын дамыту үшін мейлінше қолайлы екендігін көрсетеді. Өндірістік кәсіпорындар өндірістік алаңдарды пайдаланғаны үшін жалдау ақысының жоғары болуы, дайын өнімді өткізу, қаражаттың ұдайы тапшылығы сияқты көптеген проблемаларға тап болып отырады, бұл осы кәсіпорындардың пайданы бәсекелестікке қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізуге салу мүмкіндіктерін шектейді.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың стратегиялық мақсаты экономиканың нақты секторында өндіріс көлемін ұлғайту болып табылады. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- 1) шағын бизнес субъектілерінің инновациялық және ғылымды қажетсінетін венчурлік өндірістер құруды қолдауы;
- 2) франчайзинг принциптерінде ірі және орта кәсіпорындармен өзара тиімді кооперациялық байланыстар орнату;
- 3) қолөнерді дамыту және халық кәсіпшілігін жаңғырту.

Сонымен қатар шағын кәсіпорындардың техникалық деңгейде жалпы алғанда жоғары емес күйінде қалуда, ал олардың көпшілігінің енгізіп отырған жаңалықтары қолданылмайды және коммерциялық жағынан іске асырылмайды. Облыстың өндірістік-инновациялық әлеуетінде шағын фирмалардың үлесін тиісті дамыған нарықтық экономикаға дейін өсіруді (жұмыспен қамтылғандар жалпы санының жартысынан астамы) қамтамасыз ету үшін мына бағыттар бойынша мемлекеттік ынталандыру саясатын жалғастыру қажет:

- 1) шағын кәсіпорындар өнімдері үшін рыноктарды оларға мемлекеттік тапсырысты орналастыру жолымен мақсатты қалыптастыру;
- 2) шағын кәсіпорындарға өндірістік алаңдар ұсыну, жеңілдетілген инвестициялық қолдау, бизнес-инновациялық орталықтардың, технопарктердің, технологиялық қолдау орталықтарының дамуына ықпал ету және т.б.;
- 3) лизингтік компаниялар жүйесін қалыптастыру және кеңейтуге ықпал ету;
- 4) ғылымды қажетсінетін технологиялар негізінде шағын кәсіпорындардың жаңа өнім түрлерін өндірулері жөнінде мақсатты саясат жүргізу.

Осы бастамаларды табысты іске асыру үшін Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік инновациялық қорының ролі белсендірілетін болады. Осы бөлімде қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыру шағын кәсіпкерлік субъектілері өндістерінің техникалық деңгейі мен өнімдері сапасын

арттыру, нарықтық экономиканың өндірістік әлеуетін дамытуда олардың ролін күшейту үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

6 . Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру үшін 2006-2008 жылдардағы кезеңге қаржыландырудың мынадай көлемдері мен көздері қарастырылатын болады:

1) облыстық бюджеттен бөлінетін қаражаттың жалпы көлемі 5,5 млн.теңге мөлшерінде:

2006 жылы – 1,5 млн.теңге

2007 жылы – 2,0 млн.теңге

2008 жылы – 2,0 млн.теңге

2) 2-ші деңгейдегі банктердің шағын бизнес субъектілеріне берген кредиттеріне жасалынған талдауға сүйене отырып, Бағдарламаны іске асыру кезеңінде Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2-ші деңгейдегі банктердің шағын және орта кәсіпкерлікке беретін кредиттерінің жалпы көлемі шамамен 48000,0 млн.теңгені құрайды:

2006 жылы – 15000,0 млн.теңге

2007 жылы – 16000,0 млн.теңге

2008 жылы – 17000,0 млн.теңге

3) «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өңірлік филиалының, микрокредиттік ұйымдардың, ауылдық кредиттік серіктестіктердің, лизингтік компаниялардың және басқа да қорлардың қаражаттарын қосымша тарту.

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтиже

Осылайша, кәсіпкерлікті дамыту болжамының негізінде, Бағдарлама іс-шараларын жүзеге асырудың нәтижесінде үш жылдың ішінде мына төмендегілерге:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілері санының жыл сайын 3%-ға өсуіне;

2) 2006 жылы – 3035, 2007 жылы – 3210, 2008 жылы – 3332 қосымша жұмыс орнының құрылуына;

3) шағын кәсіпорындардың өнім өндірудегі, жұмыс атқарудағы, қызмет көрсетудегі үлесінің жыл сайын 4-5%-ға өсуіне;

4) шағын бизнестен облыстық бюджетке түсетін салық түсімдерінің жалпы түсімдер көлеміндегі үлесінің 22%-ға дейін ұлғаюына қол жеткізу көзделеді;

5) Бәсекелестікке қабілеттілік жөнінде кеңес құру ішкі және халықаралық рыноктарда Оңтүстік Қазақстан облысы өңірлерінің, кәсіпорындарының бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру арқылы оның ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылықтарын қамтамасыз етеді;

6) экономиканың кластерлік дамуы кәсіпкерлік секторын әрі қарай дамытуға, инфрақұрылымды ұлғайту мен кеңейтуге ықпалын тигізеді, ірі, орта және шағын кәсіпорындар арасында кооперациялық байланыстар орнатуды қамтамасыз етеді.

Оңтүстік Қазақстан облысында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2006-2008 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шарлар жоспары

№	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжалатын шығыстар (млн.теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасау. Экономиканы бюрократиясыздандың және әкімшілік тосқауылдарды жоюдың тиімді механизмдерін әзірлеу						
1.	Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі заңдардың және басқа да республикалық, облыстық деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне ұсыныс-тар	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша)	2006-2008 жылдары	Қажет емес	
2.	Кәсіпкерліктің дамуын, облыс экономикасындағы үлесін бағалау және болжамдау, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың қажетті шараларын анықтау	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша)	25 қаңтар, 25 шілде, жыл сайын	Қажет етілмейді	
3.	Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөнінен өткізіп отырған іс-шаралары туралы халықты кеңінен хабардар етуді, оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет арқылы қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, департаменттер мен басқармалар, қала және аудан әкімдері	25 қаңтар, 25 шілде, жыл сайын	Қажет етілмейді	
4.	Кәсіпкерлікті құқықтық қолдау және оның құқықтарын қорғау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Кеңестер, ақпарат, БАҚ-да жариялау	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша), кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары	Жұмыс барысында	Қажет етілмейді	

			(келісім бойынша)			
5.	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың тізбесін, осындай өкілеттіктерді жүзеге асыруға негіздемені көрсете отырып, БАҚ-да жариялау	БАҚ-да жариялау	ОҚО әділет департаменті, ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	25 мамыр, жыл сайын	Қажет етілмейді	
6.	Лизинг, венчурлық капитал, франчайзинг сияқты қазіргі заманғы қаржылық-кредиттік қолдау түрлері игерілуіне кеңестер беру, семинарлар өткізу және БАҚ-да ақпараттандыру арқылы ықпал ету	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша), «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өңірлік филиалы (келісім бойынша)	Жыл сайын	Қажет етілмейді	
7.	Шағын кәсіпкерлік мәселелері жөнінде теле, радио хабарларының циклін ұйымдастыру. Кәсіпкерлердің жағымды имиджін қалыптастыру, олардың облыс экономикасындағы міндеттер мен әлеуметтік міндеттерді шешудегі үлесін жариялау мақсатында БАҚ-ты қолдану	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті (жинақтау), қала және аудан әкімдері, «Атамекен» Жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша)	25 қаңтар, жыл сайын	Қажет етілмейді	
8.	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың мен қызметтердің) мөлшеріне және номенклатурасына талдау жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері	25 қаңтар, 25 шілде, жыл сайын	Қажет етілмейді	
9.	Шағын және орта бизнесті талдау және әлеуметтік сауалнама жүргізу. Рыноктың жеке сегменттеріндегі шағын бизнестің құрылымы және жағдайы туралы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	«Оңтүстік кәсіпкерлерінің лигасы» ҚҰ (келісім бойынша), ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала	25 қаңтар, 25 шілде, жыл сайын	Қажет етілмейді	

	жалпы көрініс.		және аудан әкімдері			
10.	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қарыз алушы кәсіпорындарының қаржы жағдайын бағалау критерийлерін, сондай-ақ кредиттерді қамтамасыз ету түрлеріне талаптарды жеңілдету мүмкіндігін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері	Жыл сайын	Қажет етілмейді	
11.	Шағын және орта кәсіпкерлік қызметтерінің түрлері бойынша ақпараттық жүйенің қызмет етуін және оны мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті (жинақтау), ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің ОҚО бойынша ақпараттандыру және байланыс басқармасы, қала және аудан әкімдері	25 қаңтар, жыл сайын	Қажет етілмейді	
12.	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің арыздары мен ұсыныстарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде қарауға тұрақты бақылау жасау	Арызданушыларға жауап	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша)	Жұмыс барысында	Қажет етілмейді	
13.	Облыстық бюджеттен берілген кредиттердің мақсатты пайдаланылуына тексерулер жүргізу	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ОҚО қаржы департаменті, қала және аудан әкімдері, салалық департаменттер	Жыл сайынғы бекітіле-тін қаржы жоспарына сәйкес	Қажет етілмейді	
14.	Шағын және орта бизнестің кәсіпкерлік құрылымдарына берілген кредиттік қаражаттардың облыс, қала және аудан бюджеттеріне уақтылы қайтарылуын қамтамасыз ету	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ОҚО қаржы департаменті, қала және аудан әкімдері, салалық департаменттер	Жыл сайынғы бекітіле-тін қаржы жоспарына сәйкес	Қажет етілмейді	
15.	Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету, оны қаржыландыру үшін шетелдік инвесторлардың, донор-	Инвестицияларды тарту	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, экономика және бюджеттік жоспарлау	Жыл сайын	Қажет етілмейді	

	елдердің, халықаралық ұйымдардың және отандық кәсіпкерлердің бос (материалдық, қаржылық) қаражаттарын тартуға ықпал ету		департаменті, ауыл шаруашылығы департаменті, қаржы департаменті			
16.	Әкімдіктер жанынан құрылған шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі құрылымдық бөлімшелер туралы типтік ережелерді әзірлеу үшін ұсыныстар беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері	25 шілде 2006 жылы	Қажет етілмейді	
17.	Шағын кәсіпкерліктің даму жолындағы тосқауылдарға мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары (келісім бойынша), «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша), СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша), Фармацевтикалық қызметті қолдау мен дамыту ассоциациясының ОҚФ (келісім бойынша)	2006-2008 ж.ж	Қажет етілмейді	
18.	Кәсіпкерліктің проблемалары бдойынша ақпараттық – талдау, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді әзірлеу және басып шығару, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің дистанциялық, виртуалдық консалтингі жүйесін құру.	Жинақтар, арнайы вебсайт/ портал	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша), СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша), «Оңтүстік кәсіпкерлерінің лигасы» ҚҰ (келісім бойынша), Фармацевтикалық қызметті қолдау мен дамыту ассоциациясының ОҚФ (келісім бойынша)	Жұмыс барысында	Қажет етілмейді	
19.	Франчайзинг принциптеріне негізделген ірі, орта және шағын кәсіпорындар	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп	ОҚО қаржы департаменті, ОҚО бойынша табиғи монополияларды	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	

	арасында кооперациялық байланыстарды қамтамасыз жәрдемдесу етуге	департаментіне ақпарат	реттеу және бәсекелестікті қорғау басқармасы, ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті			
20.	Коммуникациялар, инженерлік жүйелер және басқа да өндірістік инфрақұрылымның элементтері тартылған жайларды кәсіпкерлерге беру, кешенді қызметтер көрсету (семинарлар өткізу, көрмелік қызметтер ұйымдастыру)	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне ақпарат	СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша)	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	
21.	Заңнамада белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының “Мемлекеттік сатып алу туралы” Заңына сәйкес тауарларды (жұмыстар және қызмет көрсетулер) мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға шағын бизнес кәсіпорындарына жәрдем көрсету	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне ақпарат	ОҚО қаржы департаменті.	Тоқсанына бір рет, 2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	
22.	Сыртқы және ішкі туризммен және қолөнершілікпен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау	Арнайы вебсайт/ порталда (www.southkazakhstan.com) облыстың туристік әлеуеті және турфирмалар жайлы ақпараттарды орналастыру, ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне апарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша)	2006-2008 жж.		
23.	Жыл сайынғы кәсіпкерлердің форумын және “Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы жетістіктері үшін” конкурсын өткізу, республикалық конкурсқа	Форум Конкурс	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері	Қараша, жыл сайын	Жыл сайын бекітілген бюджетке сәйкес (2006 ж. – 1,5 2007 ж. – 2,0	Облыстық бюджет

	қатысуына ықпал ету				2008 ж. – 2,0)	
24.	Кәсіпкерлік субъектілерінің ҚР және шетелде өткізілетін көрмелерге жәрмеңкелерге, миссияларға қатысуына ықпал ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	Кәсіпорындардың өз қаражаттары
25.	Шағын бизнестің ірі кәсіпорындарға ықпалдасуы бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ОҚО экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті, ОҚО қаржы департаменті, ОҚО ауыл шаруашылығы департаменті, ОҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті, қала және аудан әкімдері	Жыл сайын	Қажет етілмейді	
26.	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру мақсатында жұмыссыз тоқтап тұрған кәсіпорындарды сегментациялау және қайта құрылымдау жөніндегі жұмысты жалғастыру	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне ақпарат	Қаржы департаменті, қала және аудан әкімдері	Жыл сайын	Қажет етілмейді	
2. Өміршең инфрақұрылым жүйесінің құрылуын қамтамасыз ету						
27.	Фермерлер мен кәсіпкерлерді қолдау қорымен Қауымдастықтарды кредиттеу қазақстандық қорымен, Оңтүстік кәсіпкерлерінің лигасымен, СодБи бизнес-инкубаторымен, “Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры” АҚ өңірлік филиалымен және екінші деңгейдегі банктермен өзара іс-қимыл жасау	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне апарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	
28.	Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктеріне мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Оңтүстік Қазақстан облысы-	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті	Тоқсанына бір рет, 2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	

		ның әкімдігіне ақпарат				
29.	Кәсіпкерлік мәселелері, оның ішінде әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін насихаттау жөнінде семинарлар, конференциялар, көрмелер, конкурстар, “дөңгелек үстелдер”, өткізуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша), Кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары (келісім бойынша), СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша), «Оңтүстік кәсіпкерлерінің лигасы» ҚҰ (келісім бойынша)	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	Облыстық бюджет Кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдары
30.	“Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры” АҚ-ның өңірлік филиалы жанынан кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын “жалғыз терезе” қағидаты бойынша құру арқылы: бухгалтерлік есеп және құқықтық мәселелер, шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамытуға ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек, оқу өткізу, ақпараттық-талдамалық және кеңестік қолдау, экономикалық мәселелер, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және т.б. мәселелер жергілікті кәсіпкерлік қызмет көрсетулерді жақындату мақсатында елде кәсіпкерлік дамуының деңгейі және үрдісі жөнінде әлеуметтік зерттеулер бойынша қызметтер көрсету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар, ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық филиалы (келісім бойынша)	25 шілде 2007 ж.	Қажет етілмейді	
31.	Заңнамада белгіленген тәртіппен, кәсіпкерлік құрылымдарды кредиттеумен айналысатын кредиттік серіктестіктердің, микрокредиттік және басқа ұйымдардың	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қала және аудан әкімдері, ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ауыл шаруашылығы департаменті, «Шағын кәсіпкерлікті	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	

	құрылуын қолдау		дамыту қоры» АҚ өңірлік филиалы (келісім бойынша), «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша)			
32.	Жергілікті атқарушы органдардың және ҚР министрліктері мен ведомстволарының аумақтық органдарының жанындағы шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту мәселелері жөніндегі сараптау кеңестерінің қызметін жандандыру және оларда кәсіпкерлердің ұйымдық бірлестіктері өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ОҚО бойынша ІІББ (келісім бойынша), ауыл шаруашылығы департаменті, ОҚО жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаменті, ОҚО бойынша салық комитеті (келісім бойынша), Ауыл шаруашылығы министрлігінің ОҚО аумақтық басқармасы (келісім бойынша), ОҚО бойынша кедендік бақылау департаменті (келісім бойынша), ОҚО денсаулық сақтау департаменті, ОҚО бойынша экономикалық және коррупциялық қылмыстармен күрес жөніндегі департамент (қаржы полициясы) (келісім бойынша), ОҚО мемлекеттік өртке қарсы қызметі (келісім бойынша), ауыл шаруашылығы департаменті, ОҚО мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті, қала және аудан әкімдері	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	
33.	Облыс, қала және аудан әкімдіктерінің жанындағы шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияны және Оңтүстік Қазақстан облысы (қала және аудан) әкімінің	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері	25 қаңтар, 2007 жыл	Қажет етілмейді	

	жанындағы кәсіпкерлер кеңесін Бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі кеңес етіп қайта құру					
34.	Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының әрі қарай жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша)	2006-2008 жж.	Қажет етілмейді	
35.	ОҚО кәсіпкерлігі бойынша интернет-сайтты қолдау, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін Интернетте тиімді ақпараттық алаң құру, кәсіпкерлердің веб-ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету (www.shymkent.com)	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша)	2006-2008 ж.		СодБи бизнес-инкубаторы
36.	Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерін біріктіру бойынша қоғамдық бастаманы ынталандыруға бағытталған шаралар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудан әкімдері, «Атамекен» жалпыұлттық одағының ОҚФ (келісім бойынша), Оңтүстік кәсіпкерлерінің лигасы (келісім бойынша), ОҚО Фермерлер мен кәсіпкерлерді қолдау қоры (келісім бойынша), СодБи бизнес-инкубаторы (келісім бойынша)	Жыл сайын	Қажет етілмейді	
3. Мемлекет қатысатын кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың профильдік емес функцияларын бәсекелік ортаға, ең алдымен шағын және орта бизнеске беру						
37.	Кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін, жұмыссыз тоқтап тұрған кәсіпорындарды қайта құру және сегментациялау бойынша жұмыстарды жалғастыру	ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментіне ақпарат	ОҚО қаржы департаменті, қала және аудан әкімдері	2006-2008 жж. Ай сайын	Қажет етілмейді	
38.	Мемлекеттік кәсіпорындар мен табиғи монополистердің қызмет түрлерін, профильдік емес	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржы департаменті, ОҚО бойынша табиғи монополияларды реттеу және	25 шілде, 2006 жыл	Қажет етілмейді	

	<p>функцияларды анықтау тұрғысынан, оларды бәсекелік ортаға, ең алдымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін құрылтай құжаттарын түгендеуден өткізу; бәсекелік ортаға беруге жататын мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекеме болып қайта құрылудағы мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін анықтау.</p>		<p>бәсекелестікті қорғау басқармасы</p>			
--	---	--	---	--	--	--

4. Инновациялық экономикаға кәсіпкерліктің қатысуы

39.	<p>Әсу әлеуеті жоғары жобаларды іске асыруға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тарту жөніндегі ОҚО мемлекеттік инновациялық қорының ролін белсендіру</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p>	<p>ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ОҚО мемлекеттік инновациялық қоры</p>	<p>2006-2008 жж.</p>	<p>Қажет етілмейді</p>	
40.	<p>Шағын және орта бизнеске тартымды, инновация деңгейінде жеткізілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді қаржыландыру</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p>	<p>ОҚО кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, ОҚО мемлекеттік инновациялық қоры</p>	<p>2006-2008 жж.</p>	<p>ОҚО индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың бекітілген бағдарлама сына сәйкес</p>	<p>ОҚО мемлекеттік инновациялық қоры</p>